



«Марат Оспанов атындағы  
Батыс Қазақстан медицина  
университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің  
2020 жылғы «23» желтоқсандағы  
(№ 10 хаттама) шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ».

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНА  
ТАЛАПКЕРЛЕРДІ (ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН) ҚАБЫЛДАУ  
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Коды	Басылым	Құрастырған
Қ БҚМУ 01-06-15	Бірінші	Рамазанова А.А.  <u>23</u> <u>12</u> 2020 ж.

Ақтөбе қ., 2020 жыл.

	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 23.12.2020</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: бірінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді (шетел азаматтарын) қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-06-15</b></p>	<p align="center"><b>9-беттің 2-беті</b></p>

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) талапкерлерді (шетел азаматтарын) қабылдау қағидалары «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (2020 жылғы 08 маусымдағы № 237 жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білімі бар шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

1.2. Шетел азаматтарын бакалавриат бағдарламалары бойынша Университет мамандықтарына қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген тәртіппен жеке және (немесе) заңды тұлғалардың оқу құнын төлеумен шарттар бойынша жүзеге асырылады.

1.3. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға, егер олар осы деңгейдегі білімді бірінші рет алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

1.4. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

1.5. Шетел азаматтарын ақылы негізде Университетке оқуға қабылдау қабылдау немесе көшпелі комиссиялары өткізетін емтихан түрінде жүзеге асырылады.

1.6. Шетел азаматтарын қабылдау Университеттің шетел азаматтарымен жасасқан тікелей шарттарына (келісім-шарттарына) сәйкес оқу құнын төлеумен және қабылдау қағидаларында белгіленген шарттармен жүзеге асырылады.

1.7. Шетел азаматтарын қабылдау Университеттің тиісті мамандықтар бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін және білім туралы өзіндік үлгідегі құжат беруді көздейтін лицензиясына сәйкес жүргізіледі.

1.8. Университетке жалпы орта, кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі), жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар шетелдік азаматтар қабылданады.


1.9. Алыс шетел талапкерлеріне қабылдау емтихандарының нысаны мен тәртібін Университет өз бетінше анықтайды.

1.10. Шетелдік азамат шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынған жағдайда, Университет оған құжаттарын қайтаруға және енгізілген ақша қаражатын қайтармай университеттен шығаруға құқылы.

## 2. Шетел азаматтарын қабылдау және оқуға қабылдау

2.1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік



	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні:</b> 23.12.2020</p>	<p align="center"><b>Басылым:</b> бірінші</p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді (шетел азаматтарын) қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ</b> 01-06-15</p>	<p align="center">9-беттің 3-беті</p>

қағидаларына сәйкес шетел азаматтарын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ақылы негізде оқуға қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу және эссе нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.2. Арнайы даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша, оның ішінде «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау арнайы емтихандардың нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2.3. Талапкер онлайн-өтінімді [tester.zkgmu.kz](http://tester.zkgmu.kz) электрондық порталы арқылы береді және JPG форматындағы қажетті құжаттарды (НҮСҚАУЛЫҚ қосымшасы):

- жеке басын куәландыратын құжат немесе төлқұжатты;
- жалпы білім беретін мектепті/колледжді немесе ЖОО бітіргені туралы аттестат/дипломды тіркейді.

2.4. Қажет болған жағдайда қабылдау комиссиясы қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Қабылдау комиссиясы құжаттардың талаптарға сәйкестігін онлайн-режимде тексергеннен кейін шетел азаматы электрондық поштаға логин мен құпиясөзді жіберу арқылы әңгімелесуге және тестілеуге жіберіледі. Тестілеуге логин мен құпиясөзді жібергеннен кейін үш күн ішінде талапкер тестілеуден өтуі тиіс, көрсетілген мерзім өткеннен кейін тестілеуге қолжетімділік жабылады. Шетел азаматына 3 (үш) күн беріледі.

2.5. Әңгімелесуді ұйымдастыруды Университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде университет қызметкерлерінен тұратын емтихан комиссиясы құрылады.

2.6. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ағылшын тілінде оқығысы келетін шетел азаматтары орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде жалпы білім және логика, биология, химия, физика және математика пәндері бойынша тестілеуден онлайн-режимде өтеді, сондай-ақ 3 (үш) сұраққа жауап бере отырып, эссе жазады. Ағылшын тілін меңгеру деңгейін және коммуникативтік қабілеттерін анықтау үшін онлайн-әңгімелесу өткізіледі.


2.7. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша орыс немесе қазақ тілдерінде оқығысы келетін шетел азаматтары әңгімелесуден немесе тестілеуден онлайн режимде немесе тікелей Университетте үш пән - биология, химия және оқыту тілі (қазақ немесе орыс) бойынша өтеді.

2.8. Шетел азаматтарын оқуға қабылдау емтиханының нәтижелеріне (тестілеу, эссе және әңгімелесу нәтижелері бойынша 150 (жүз елу) балдан кемінде 105 (бір жүз бес) балл жинаған) сәйкес жүзеге асырылады.

2.9. Қабылдау комиссиясына шетел азаматтары қабылдау туралы өтінішке келесі құжаттарды:

- 1) білімі туралы құжаттың түпнұсқасын;



	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 23.12.2020</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: бірінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді (шетел азаматтарын) қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-06-15</b></p>	<p align="center"><b>9-беттің 4-беті</b></p>

2) мынадай ақпарат: оқу пәндері, алынған қорытынды бағалар, оқу процесінің басқа да құрамдас бөліктері бар білім туралы құжатқа (түпнұсқа) қосымшаны;

3) білім туралы құжаттың және оның қосымшасының мемлекеттік және/немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасын;

4) талапкердің жеке басын куәландыратын құжаттың мемлекеттік және/немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса нотариалды куәландырылған көшірмесін;

5) оқу орнының мөрімен расталған негізгі орта, жалпы орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды қоспағанда, оқу орны лицензиясының немесе білім туралы құжатты берген оқу орнын аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесін;

6) Қазақстан Республикасының климаты жағдайында оқу мүмкіндігін растайтын денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындының және Қазақстан Республикасына оқуға кандидатты жіберген елдің ресми денсаулық сақтау органы куәландырған нотариалды куәландырылған аудармасын;

7) 086/у нысанындағы медициналық анықтаманы (жіберуші елдің ресми денсаулық сақтау органы куәландырған психикалық денсаулық, инфекциялық аурулардың болмауы және медициналық Университетте оқуға қарсы көрсетілімдер туралы медициналық анықтамалар; жіберуші елдің ресми денсаулық сақтау органы куәландырған АИТВ инфекциясының болмауы туралы анықтама);

8) егулер туралы ақпаратты;

9) өлшемі 3 x 4 сантиметр 6 фотокарточканы қоса ұсынады.

2.10. Визасыз қатынас елдерінен келген шетелдік азаматтар (Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Ресей, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Өзбекстан, Украина):

– төлқұжатты;

– көші-қон картасын;

– өлшемі 3 x 4 сантиметр 6 фотокарточканы;

– ЖИТС орталығынан анықтаманы (сертификатты);


– флюорографияны (бірінші курс үшін У-086 нысанындағы медициналық анықтаманың көшірмесін ұсынуға болады) ұсынады.

2.11. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың бірінші семестрі ішінде тұлғаларды оқуға қабылдағаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

2.12. Нострификация шарасына арналған құжаттарды ресімдеуді Университеттің халықаралық медицина факультетінің деканатымен бірге шетелдік студенттер өкілдері қамтамасыз етеді.

2.13. Қажет болған жағдайда қабылдау комиссиясы қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

2.14. Визалық қолдау үшін құжаттарды ресімдеуді Университеттің халықаралық медицина факультетінің деканаты қамтамасыз етеді.

	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 23.12.2020</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: бірінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді (шетел азаматтарын) қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-06-15</b></p>	<p align="center"><b>9-беттің 5-беті</b></p>

### 3. Шетел азаматтарын оқыту құны


3.1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысының мөлшерін «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44 - бабы 9 - 2 - тармағының 2) тармақшасына сәйкес Университеттің Директорлар кеңесі бекітеді.

### 4. Жатақханаға қабылдау


4.1. Университетке түсетін шетел азаматтарына қабылдау емтихандарын тапсыру және Университетте оқу кезеңіне жатақханадан орын беріледі.

ҚОСЫМША – НҰСҚАУЛЫҚ

1. [tester.zkgmu.kz](http://tester.zkgmu.kz) сайтына көшу;
2. Ағылшын тілін таңдау




3. Тіркеу батырмасын шерту:



4. Тіркеу мәліметтерін толтыру, құжаттарды бекіту (JPEG, JPG форматында) және CREATE батырмасын басу:



	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 23.12.2020</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: бірінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді (шетел азаматтарын) қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>Қ БҚМУ 01-06-15</b></p>	<p align="center"><b>9-беттің 6-беті</b></p>

Home - Reg Tests - Registration of the applicant

### Registration of the applicant

Passport number

Email

Surname Name Patronymic

Father's full name

Mother's full name

Residential address

Phone number

Scan copy of the identity card  
 Скачать образец

The scan copy of the certificate about education  
 Скачать образец

- Осыдан кейін жүйеде деректерді іске қосу үшін сілтеме бар хат көрсетілген электрондық мекен-жайға жіберіледі. Тек сілтеме бойынша өту керек.
- Қабылдау комиссиясының өтінімді тексеруінен кейін тестілеудің ашылуы туралы хабарлама жіберіледі:
- Сілтеме бойынша ауысу, логин мен құпиясөзді енгізу және ТІРКЕУ батырмасын басу қажет:

Логин

Пароль

Заполните поле

- Тестілеу терезесінде ТЕСТІЛЕУДІ БАСТАУ батырмасын басу:

Басы - Testing

## Testing

- Ашылған тестілеу терезесінде 100 тест сұрағына және 3 эссе сұрағына жауап беру қажет. Бүкіл емтиханға тура 3 сағат (180 минут) беріледі. Емтихан сұрақтарына ерікті тәртіпте жауап беруге болады. Емтиханды аяқтау үшін

	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</b></p>	<p align="center"><b>Күні: 23.12.2020</b></p>	<p align="center"><b>Басылым: бірінші</b></p>
	<p align="center"><b>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді (шетел азаматтарын) қабылдау қағидалары</b></p>	<p align="center"><b>К БҚМУ 01-06-15</b></p>	<p align="center"><b>9-беттің 7-беті</b></p>

барлық сұрақтарға жауап беру қажет. Сұрақтарға жауап беру схемасы:  
**СҰРАҚТЫ ТАҢДАУ - - - ЖАУАПТЫ ТАҢДАУ -- -- SAVE ANSWER**  
**БАТЫРМАСЫН БАСУ**

## Testing

Countdown: 3 hours, 0 minutes 0 seconds

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
General Knowledge and Logical Reasoning	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X
Biology	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X
Chemistry	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X
Physics and mathematics	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X	X
Нақсанға кізе	1. Which course, person, project or book affects you? How? (+) 2. Describe the difficult situation you went through. (+) 3. What is your favorite thing to do? Describe two activities and their importance. (+)																								

The recently-appointed captain of the national football team has been publicly accused of adultery with several women, including the girlfriend of a former teammate. The newspapers have made a great deal of his extramarital activities and it has become a scandal. His behaviour has led him to be the subject of crude jokes. He has now been suspended from his duties. It is right that he has been removed from his position so that the team can start to pull together and have the best possible chance of winning the World Cup.

Which one of the following is an underlying assumption of the above argument?

- A) The new captain's actions have weakened team morale.
- B) This new captain should not have been appointed.
- C) If the new captain is fired, the national team will win the World Cup.
- D) The national team will not win the World Cup.
- E) Newspapers have the right to report on people's personal lives.

The chosen answer to a question

A  B  C  D  E

Save answer

10. Барлық сұрақтарға жауап беруден кейін ТЕСТІЛЕУДІ АЯҚТАУ батырмасын басыңыз:

Baru Testing

## Testing


Countdown: 2 hours, 50 minutes 27 seconds


	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
General Knowledge and Logical Reasoning	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A
Biology	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A
Chemistry	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A
Physics and mathematics	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A
Нақсанға кізе	1. Which course, person, project or book affects you? How? (+) 2. Describe the difficult situation you went through. (+) 3. What is your favorite thing to do? Describe two activities and their importance. (+)																								

To finish testing

Аяқтауды растаңыз:



	<p>«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p>Күні: 23.12.2020</p>	<p>Басылым: бірінші</p>
	<p>«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ талапкерлерді (шетел азаматтарын) қабылдау қағидалары</p>	<p>Қ БҚМУ 01-06-15</p>	<p>9-беттің 8-беті</p>



11. Эссені тексеру және әңгімелесу жүргізуден кейін шетел азаматының көрсетілген электрондық мекенжайына емтиханның барлық нәтижелері көрсетілген сертификат жіберіледі:





